

**Созақ ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" № 408 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 13 мамырдағы № 145 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 14 мамырда № 6216 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 357 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 27.12.2021 № 357 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2 тармағына, 37-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының б) тармақшасына, 27 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 498 бұйрығына сәйкес, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14010 тіркелген, Созақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Созақ ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5936 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 11 желтоқсанында жарияланған) № 408 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына осы қаулының қосымшасына сәйкес квота белгіленсін";

көрсетілген қаулы қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі тақырыбы өзгермейді:

"Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квоталары".

2. "Созақ ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Айдарбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С. Полатов*